

Тіркелген салық ставкалары туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 қазандағы N 146 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 23 қарашада N 5-17-114 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 166 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 14.02.2018 № 166 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы негізінде Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Тіркелген салық ставкаларының мөлшері бекітілсін (№ 1 қосымша).
2. 2009 жылғы 22 шілдедегі № 128 "Тіркелген салық ставкалары туралы" шешімнің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Г. Акбердинов

Аудандық

мәслихат хатшысы

Д. Турсунбаев

Аудандық мәслихаттың
2009 жылғы 22 қазандағы
№ 146 шешіміне № 1 қосымша

Рет саны №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (Айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1	Бір адамның қатысуымен ойналатын ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Бір адамнан астам адамдардың қатысуымен ойналатын ұтыссыз ойын автоматы	1
3	Ойын ойнауға арналған жеке компьютер	1
4	Ойын жолы (боулинг)	5

5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК